Жекелеген өңірлердегі тәртіпсіздіктер нәтижесінде келтірілген зардаптарды жою мәселелері жөніндегі үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 9 қаңтардағы № 2-ө өкімі

1. Жекелеген өңірлердегі тәртіпсіздіктер нәтижесінде келтірілген зардаптарды жою мәселелері жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

2. Комиссия тәртіпсіздіктер нәтижесінде келтірілген залал сомасына бағалау жүргізсін, әкімшілік ғимараттарды, әлеуметтік объектілерді, тұрғын үйлер мен инфрақұрылымды қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Комиссияның төрағасы – Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі орынбасарының міндетін атқарушы Роман Васильевич Скляр Комиссия жұмысының нәтижелері мен қабылданып жатқан шаралар туралы баяндасын.

Премьер-Министрдің
міндетін атқарушы *Ә. Смайылов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушының
2022 жылғы 9 қаңтардағы
№ 2-ө өкіміне
қосымша

Жекелеген өңірлердегі тәртіпсіздіктер нәтижесінде келтірілген зардаптарды жою мәселелері жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

Скляр Роман Васильевич	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының міндетін атқарушы, Комиссияның төрағасы
Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлы	-	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі, Комиссия төрағасының орынбасары
Бүркітбаев Жандос Қонысұлы	-	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы
Ильин Юрий Викторович	-	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушы
Таласов Мұхамеджан Қадыржанұлы	-	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары
Сарсенов Сакен Сейітжаппарұлы	-	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Каринова		

Ш о л п а н Таңатқызы	-	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым бірінші вице-министрі
Біржанов Ержан Ерікұлы	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Жаналинов Д а н и я р Еренғалиұлы	-	Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Әбдіқадыров Әлішер Елісұлы	-	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі
Мырзахметов А б ы л а й Исабекұлы	-	Қазақстан Республикасының "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы (келісу бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК